



● ҚҰРЫЛТАЙ САЙЛАУЫ – 2026

АЗАМАТ ТАҢДАУЫ – ЕЛ БОЛАШАҒЫ

23 ТАМЫЗ КҮНІ ЕЛІМІЗ ҮШІН ТАРИХИ МАҢЫЗЫ БАР САЯСИ НАУҚАН – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚҰРЫЛТАЙЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫН САЙЛАУЫ ӨТТІ. МАҢҒЫСТАУ АУДАНЫНДА ДА БҰЛ МАҢЫЗДЫ ШАРАҒА ТҮРҒЫНДАР БЕЛСЕНДІ ҚАТЫСЫП, ӨЗ ТАҢДАУЛАРЫН ЖАСАДЫ.

Ауданда 22 сайлау учаскесі бар, оның үшеуі жабық форматтағы сайлау учаскелері. Ал сайлаушылар саны 1000 адамнан асатын сегіз сайлау учаскесінде азаматтарды дауыс беру күні тізімге енгізу үшін онлайн сервис қызметі ұйымдастырылды. Сондай-ақ, сайлау күні өзі тіркелген жерде дауыс бере алмайтын сайлаушыларға есептен шығару куәлігі беріліп, сайлау күні басқа жақтан дауыс беру мүмкіндігі қарастырылды. Ауданда 29 адам есептен шығару куәлігін алған. Аудандағы барлық сайлаушылар саны – 20 975 адам. Науқанға толық дайындықпен кіріскен сайлау учаскелері азаматтарды таңғы сағат 7:00-ден бастап кешкі сағат 20:00-ге дейін қабылдады. Тұрғындардың сайлауға қатысу белсенділігі дауыс берудің алғашқы минуттарынан-ақ байқалды. Өз учаскесіне алғашқылардың бірі болып келген сайлаушыларға арнайы сыйлықтар табысталды.

Алғашқы болып дауыс берген тұрғындар үшін бұл күн ерекше есте қалары анық. Өйткені сайлауға қатысу – азаматтың өз таңдауын білдіруімен қатар, ел болашағына деген жауапкершілігін танытатын маңызды қадам.

Сайлау күні аудан тұрғындарының азаматтық белсенділігімен қатар ұлттық құндылықтарды дәріптеді. Текемет пен киіз бұйымдарын жасаумен айналысатын қолөнер шебері, көп балалы ана Күміс Қосбай өз таңдауын жасады. Ұлттық қолөнерді дәріптеп жүрген Күміс киізден жасалған бұйымға «Құрылтай 2026» жазуын бейнелеп, сайлау учаскесіне келген дауыс берушілерге сыйға тартты.

Қолөнер шеберінің айтуынша, бұл бастама арқылы ұлттық өнерді насихаттап, ел өміріндегі маңызды қоғамдық шараға өз үлесін қосуды мақсат еткен. Күміс Қосбайдың бұл бастамасы сайлау күнінің мазмұнын айшықтай түсті. Ұлттық нақыштағы бұйымдардың сайлаушыларға тарту етілуі – елдік маңызды шара мен атадан балаға мирас болып келе жатқан дәстүрлі өнердің үндескенін көрсетті.

Сондай-ақ, аудан абыройын асқақтатып жүрген түрлі сала жеңімпаздары да сайлаудан қалыс қалмады. Мәселен, «Көкмойнақ» командасының шабандозы, «Ұлы дала» жорығының чемпионы Нұрсағын Тұқымбай да Құрылтай депутаттарын сайлауға келді. Спортшы үшін ел өміріндегі маңызды саяси науқанға қатысу – азаматтық жауапкершіліктің көрінісі. «Сайлауға қатысып, өз таңдауымды жасау – әр азаматтың ел алдындағы жауапкершілігі деп білемін. Бүгін өз таңдауымды жасап, азаматтық міндетімді орындадым. Еліміздің болашағы жарқын болып, халқымыздың әл-ауқаты арта берсін», – дейді шабандоз.



Нұрсағын Тұқымбай – ұлттық ат спорты бағытында аудан намысын қорғап жүрген шабандоз. Ол Ұлы дала ойындарында жеңімпаз атанып, ұлттық спортты дамытуға өз үлесін қосып жүр.

Сонымен қатар, жуырда Баку қаласында өткен «SUMMER FEST BAKU 2026 – Harmony of Art» халықаралық фестивалінде аудан намысын абыроймен қорғап, жеңіспен оралған «Шайыр» вокальды ансамблінің әжелері дауыс беру үшін №176 сайлау учаскесіне келді. Халықаралық өнер додасында өнер көрсетіп, туған елдің абыройын асқақтатқан ансамбль мүшелері сайлауда да белсенділік танытты.

Ал, республикалық «Абысын-ажын –2026» байқауының облыстық кезеңінің жеңімпаздары, Жыңғылды ауылындағы



Нұрмағанбет ата әулетінің келіндері науқанға ұйымшылдықпен қатысты. Қазақтықтың қаймағын бұзбай, ұлттық салт-дәстүр мен отбасы құндылықтарын ұлықтап, ұрпақ тәрбиесіне өнеге болып жүрген Нұрмағанбет ата әулетінің келіндері ауызбіршілікпен келіп, бірге дауыс беріп, шаңырақтың берекесі мен бірлігін, абысын-ажын арасындағы сыйластықтың нағыз үлгісін көрсетті.

Кәмелет жасына толып, алғаш рет сайлауға қатысып отырған Жармыш ауылының тұрғыны Айсұлтан Наурызбай үшін бұл күн ерекше күн болды. Өйткені өз болашағы үшін шешім қабылдау жасқа толған күні Құрылтай сайлауына қатысып, елдің ертеңі үшін таңдау жасады. Оның айтуынша бұл күн есте қалатын және кемел келешек үшін маңызды таңдау жасаған күн.

Өйткені елдің ертеңі жастардың қолында.

Құрылтай депутаттарының сайлауы осындай әсерлі сәттерімен ерекшеленіп, маңызды күндердің бірі ретінде есте қалды. Науқанға келген әр тұрғын елдің ертеңі үшін таңдау жасаудың маңыздылығына тоқталды. Алғаш рет өтіп отырған Құрылтай сайлауының – тек дауыс беру рәсімі ғана емес, ел азаматтарының ортақ қоғамдық өмірге қатысуын көрсететін маңызды күн болғанын аңғартады.

Құрылтай депутаттарын сайлау – Қазақстанның қоғамдық-саяси өміріндегі жаңа кезеңнің маңызды қадамы. Ал әр азаматтың таңдауы – елдің ертеңіне деген жауапкершіліктің көрінісі.

А.РАХМЕТОВА.

АПТА БАСЫНДА АУДАН ӘКІМДІГІНДЕ ӨТКЕН АППАРАТТЫҚ ЖИЫНДА ТҮЩЫБЕК АУЫЛЫНЫҢ АУМАҒЫНДА ЖАҢА ДЕМАЛЫС ОРНЫН САЛУ МӘСЕЛЕСІ ТАЛҚЫЛАНДЫ. БҰҒАН ДЕЙІН ТУБЕРКУЛЕЗГЕ ҚАРСЫ САНАТОРИЙ ОРНАЛАСҚАН АУМАҚТА ЗАМАНАУИ ТАЛАПТАРҒА САЙ, ТҮРҒЫНДАР МЕН ҚОНАҚТАРҒА АРНАЛҒАН ДЕМАЛЫС-САУЫҚТЫРУ КЕШЕНІН САЛУ ЖОСПАРЛАНУДА.

ТҮЩЫБЕКТЕ ЖАҢА ДЕМАЛЫС ОРНЫ БОЙ КӨТЕРМЕК



Жиынға аудан әкімі Ғалымжан Ниязов, Маңғыстау облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Бекболат Избасаров, облыстық фтизиопульмонология орталығының басшысы Алмабек Бисен және тиісті мекемелердің өкілдері қатысты.

Жобаны «ABAT Total Engineering Services & Consulting» компаниясы ұсынған. Жоспарға сәйкес, кешенде келушілердің жайлы демалысын ұйымдастыруға қажетті бірқатар нысан, оның ішінде бассейн мен спортпен шұғылдануға арналған орындар қарастырылмақ.

Жобаның тағы бір ерекшелігі – нысан тек ауыл тұрғындарына емес, алдағы уақытта өңірдің әр түкпірінен келетін қонақтарға да қызмет көрсетуге бағытталады. Бұл өз кезегінде Тұщыбектің туристік әлеуетін арттырып, ауылдың демалыс бағытындағы мүмкіндігін кеңейтуге жол ашпақ.

Жобаға қатысты Тұщыбек ауылында қоғамдық тыңдау өткізіліп, оған 30-дан астам тұрғын қатысты. Жиында тұрғындарға жобаның негізгі бағыттары таныстырылып, ұсыныстар тыңдалды. Қатысушылар тарапынан жобаға қарсылық білдірілген жоқ.

Жаңа демалыс орнының салынуы Тұщыбектің ғана емес, жалпы өңірдің туризм және демалыс инфрақұрылымын дамытуға серпін беретін маңызды жобалардың біріне айналуы мүмкін.

М. ЖЕБЕКҒЫЗЫ.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Маңғыстау ауданының қоғамдық-саяси газеті «Жаңа өмірге» жылдың екінші жарты жылдығына жазылу жүріп жатыр.

Сонымен қатар «Halyk Bank» және Kaspi.kz қосымшалары арқылы жазылу мүмкіндігі де қарастырылған.

Санаттар	Газеттің индексі	Бағасы	
Заңды тұлғалар үшін	15612	6 ай	5520
			2760
Жеке тұлғалар үшін	65612		



Анықтама телефоны:
872931 (2-18-60), 21381
E-mail: zhanaomir@mangmedia.kz
zhanaomir@bk.ru





● ТӘРБИЕ

АНАҒА ҚОЛДАУ – БАЛАҒА ДЕМЕУ

ЕРЕКШЕ БАЛА ТӘРБИЕЛЕП ОТЫРҒАН АНА ҮШІН ӘР КҮН – ЖАҢА СЫНАҚ. БАЛАСЫНЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫ, ДАМУЫ МЕН БОЛАШАҒЫН ОЙЛАҒАН АТА-АНА КЕЙ-ДЕ ӨЗ ШАРШАУЫН ДА ҰМЫТЫП КЕТЕДІ. СОНДЫҚТАН БАЛАҒА КӨРСЕТИЛЕТІН КӨМЕКТЕН БӨЛЕК, ОНЫҢ АТА-АНАСЫНА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚОЛДАУ ҚАЖЕТ.

Осы мәселе Шетпеді өткен «Күйзелістен кейінгі өсу: стрессті еңсеру және ресурсты сақтау жолдары» атты психологиялық тренингте көтерілді. Маңғыстау аудандық ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімінің тапсырысы аясында ұйымдастырылған кездесуге ерекше бала тәрбиелеп отырған аналар мен арнайы мектеп өкілдері қатысты.

Шараға журналист, мотиватор, «Мама деші?!...» кітабының авторы Сандуғаш Шортанова арнайы шақырылды. Оның бұл тақырыптағы тәжірибесі жеке өмірімен тікелей байланысты. Өзі де ерекше баланың анасы болғандықтан, баласының дамуы мен ем-домына байланысты ізденіп, балаларға арналған массажды меңгерген. Бүгінде Ақтау қаласында ерекше балаларға арналған «Мама деші?!...» кор-



ішкі ресурсты сақтау және қиындықтан кейін қайта күш жинау жөнінде ой бөлісті. Оның айтуынша, баламен жүргізілетін

бірден меңгермеуі мүмкін. Алайда ата-ананың сабырмен қайталап үйретуі уақыт өте өз нәтижесін береді. Сондықтан баланың кішкентай жетістігінің өзін бағалай білу маңызды.

Еркін форматта өткен кездесуде қатысушылар өздерін толғандырған сауалдарын қойып, пікір алмасты. Шара соңында «Шанырақ» қоғамдық қорының өкілдері қатысушыларға Сандуғаш Шортанованың «Мама деші?!...» кітабын тегін таратты.

Кездесудің басты түйіні – ерекше балаға қамқорлық жасаумен қатар, оның жанындағы ананың да жағдайын ұмытпау. «Өзім сияқты аналарға күш-қуат тілеймін. Балалар ауырмасын», – деген Сандуғаштың тілегі кездесудің мәнін бір ауыз сөзбен түйіндегендей.

Өйткені балаға қолдау көрсету үшін анаға да қолдау керек. Ал қолдау бар жерде үміт бар.

М. ЖЕБЕКҒЫЗЫ.



рекциялық орталығын басқарып, өзге балаларға да көмектесіп келеді.

Кездесуде Сандуғаш Шортанова күйзелісті еңсеру,

жұмысты тек маманға тапсырып қою жеткіліксіз. Ата-ананың үй жағдайында баланы үнемі қолдап, үйретуі де маңызды.

Бала белгілі бір дағдыны

ІЗДЕНГЕН ЖАС – ІЛГЕРІ БАСАДЫ

ЖАСТЫҚ ШАҚ – ІЗДЕНІС ПЕН МҮМКІНДІКТЕРГЕ ТОЛЫ КЕЗЕҢ. БҮЛІ УАҚЫТТА АЛҒАН ТӘЖІРИБЕ МЕН ҚАЛЫПТАСҚАН ОРТА АДАМНЫҢ БОЛАШАҚБАҒЫТЫНА ӨСЕРЕТЕДІ. АЛ ҚОҒАМДЫҚ ІСКЕ ЕРТЕ АРАЛАСҚАН ЖАС ӨЗІНЕ ҒАНА ЕМЕС, АЙНАЛАСЫНА ДА ПАЙДАСЫН ТИГІЗЕ АЛАДЫ.

Аудандық Жастар ресурстық орталығының белсенді волонтері Рахимбек Нұрсәт Берекетұлы – сондай жастардың бірі.

Нұрсәт аудан жастарының қоғамдық өміріне белсене араласып, әлеуметтік, мәдени, спорттық және экологиялық бағыттағы түрлі шараларға тұрақты қатысып келеді. Ол «Заң және тәртіп» қағидаты аясында ұйымдастырылған кездесулерге қатысып, жастардың құқықтық сауатын арттыруға бағытталған пікірталастарда өз ойын білдірді. Сондай-ақ «ҚР Парламентін реформалаудың қазіргі рөліне жастардың көзқарасы» тақырыбындағы дөңгелек үстелде жастардың пікірін ортаға салды.

Өзін дамытуға да ерекше көңіл бөлетін Нұрсәт психологиялық семинарлар мен тренингтерге қатысып, жаңа білім мен тәжірибе жинақтауға ұмтылып жүр.

Қоғамдық белсенділігі табиғатты қорғау бағытынан да көрінеді. Ол «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясындағы тазалық жұмыстарына қатысып, туған жердің тазалығына өз үлесін қосты.

Жастардың еңбекке араласуы да маңызды. Осы тұрғыда Нұрсәттің «Жасыл ел» еңбек жасағындағы белсенділігін де атап өтуге болады. Өзіне жүктелген міндеттерді жауапкершілікпен орындап,



еңбекқорлығы мен ұйымшылдығын көрсете білді.

Бір қарағанда, мұның бәрі түрлі шараларға қатысу ғана сияқты. Алайда қоғамдық өмірге араласу арқылы жас адам жауапкершілікті, ортақ іске уәлес қосуды және өз пікірін ашық білдіруді үйренеді.

Елдің ертеңі тек болашақ мамандардың қолында емес, бүгіннен бастап қоғамға белсенді араласатын жастардың да қолында. Нұрсәттің волонтерлік жолы – осының шағын болса да жақсы бір мысалы.

М. ЖЕБЕКҒЫЗЫ

● ЕҢБЕК АДАМЫ

АУЫЛДЫҢ БҮГІНГІ КЕЛБЕТІНЕ ҚАРАП, ОНЫҢ ӨЗГЕРУІНЕ ҮЛЕС ҚОСҚАН ЖАНДАРДЫҢ ЕҢБЕГІН БАЙҚАУҒА БОЛАДЫ. БІРІ НЫСАНДЫ ТҮРГЫЗСА, ЕНДІ БІРІ ОНЫҢ ЖОСПАРЛАНУЫ МЕН ҚҰЖАТТАРЫНЫҢ ДҰРЫС ЖҮРГІЗІЛУІНЕ, ҚҰРЫЛЫС ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ БЕЛГІЛЕНГЕН ТАЛАПТАРҒА САЙ ОРЫНДАЛУЫНА ЖАУАП БЕРЕДІ. БҮЛ – КӨП ЖАҒДАЙДА КӨЗГЕ КӨРІНЕ БЕРМЕЙТІН, БІРАҚ ҮЛКЕН ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН ЖҰМЫС.

ЖЫЛДАРМЕН ШЫҢДАЛҒАН ТӘЖІРИБЕ

Осындай жауапкершілікті 19 жылдан бері аркалап келе жатқан мамандардың бірі – аудандық құрылыс бөлімінің бас маманы Маржан Есенаманова.

Шетпе ауылында дүниеге келген Маржан Жантлекқызы жоғары білім алып, еңбек жолын 2007 жылы аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінен бастады. Кейін аудан әкімі аппаратында қызмет атқарып, 2008 жылдың қаңтарынан бері аудандық құрылыс бөлімінде еңбек етіп келеді.

Бір мекемеде ұзақ жыл қызмет ету – уақыттың ұзақтығынан бұрын, маманның өз ісіне деген жауапкершілігін көрсетеді. Осы жылдар ішінде Маржан Есенаманова аудан аумағында жүзеге асырылып жатқан құрылыс жұмыстарына қатысты міндеттерді атқарып, әлеуметтік маңызы бар нысандардың, оның ішінде мектептер, балабақшалар мен су құбырлары құрылысына байланысты жұмыстарға өз үлесін қосып келеді.

Құрылыс саласында әрбір шешімнің артында елдің қажеті, халықтың тұрмысы тұр. Сондықтан мұнда кәсіби біліммен қатар, тиянақтылық пен жауапкершілік те маңызды.

Маржан Есенаманованың көп жылғы еңбегі ескерусіз қалған жоқ. Ол Маңғыстау облысы әкімінің Құрмет грамотасымен, 2025 жылы Құрылысшылар күніне орай Маңғыстау ауданы әкімінің Алғыс хатымен марапатталған.



Он тоғыз жыл – бір маманның еңбек өтілі ғана емес. Бұл – туған ауданның өзгерісіне куә болып, сол өзгеріске өз еңбегімен үлес қосқан жылдар.

Еңбектің ең үлкен бағасы марапатта ғана емес. Оның нәтижесі ел пайдаланып отырған нысандардан, халықтың тұрмысын жақсартуға бағытталған жұмыстардан көрінеді. Маржан Есенаманованың кәсіби жолы да осыны көрсетеді.

М. ЕРҒАЛИ

● МӘСЕЛЕ



ТАЗАЛЫҚҚА КІМ ЖАУАПТЫ?

Ауыл тазалығы – баршаға ортақ жауапкершілік деп жатамыз. Бірақ сөзіміз бен ісіміз сай ма?! Ауылдың тазалығы тек әкімдіктің немесе ауыл тазалығына жауапты мекеменің ғана жауапкершілігінде емес, әр адамның ары мен ұятында жатқанын ұмытпайық!

Өкінішке қарай, күні кеше ғана Шетпе ауылының әкімі А. Шамғұлов ауылға қарасты Сыырсу жері мен Таушық бағытындағы Шетпе-1 шағын ауданы аумағында заңсыз қоқыс тастау және табиғатты ластау фактілері анықталғанын айтты. Аталған заңсыз әрекеттер бойынша бейнежазбалар тіркеліп, тиісті дәлелдер жинақталған. Бір үйдің жөндеу жұмыстарынан шыққан таудай қоқысты «ешкім көрмейді» деп әкеліп төгіп кету – табиғатқа деген жанашырлықтың жоқтығынан. Өйткені өз қоқысын кез келген жерге тастап, қоршаған ортаны ластауға ешкімнің құқығы жоқ.

Қоқысты белгіленбеген орындарға тастау – қоршаған ортаға зиян келтіріп қана қоймай, қолданыстағы заңнама талаптарын бұзу болып табылады. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, өндірістік және тұрмыстық қалдықтарды арнайы белгіленбеген орындарға тастағаны үшін әкімшілік жауапкершілік қарастырылған және кінәлі тұлғаларға айыппұл салынады.

Осыған байланысты заң бұзушылықтардың алдын алу және ауыл аумағының тазалығын

сақтау бағытындағы жұмыстар тұрақты түрде жүргізілуде. Қоқысты бейберекет тастаған тұлғалар анықталған жағдайда, қолданыстағы заңнамаға сәйкес тиісті шаралар қабылданады.

«Қоқысты кез келген жерге тастамай, белгіленген орындарға жеткізуге мүмкіндік бар. Әкімдік тарапынан Шетпе ауылының жеке тұлғалары, яғни тұрғындары үшін қоқыс төгетін полигон тегін негізде жұмыс істейді. Сонымен қатар, тұрғындарға қолайлы жағдай жасау мақсатында «Таза-Маңғыстау» МКК-мен ресми келісімшарт жасасып, қоқыс шығаруға арналған контейнер алу мүмкіндігі қарастырылған. Келісімшарт талаптарына сәйкес, қоқысты шығаруға берілетін әрбір сұраныс үшін қызмет ақысы 1700 теңгені құрайды», – дейді ауыл әкімі А. Шамғұлов.

Туған жердің тазалығы мен табиғаттың тұтастығы – әрқайсымызға байланысты. Бір сәттік немқұрайлылықтың салдарынан табиғатқа келетін зиянды болдырмайық. Бір адамның тастаған бір қап қоқысы аз көрінуі мүмкін, алайда дәл осындай немқұрайлылық көбейген сайын, ауылдың әр шеті қоқыс алаңына айналады. Сондықтан «біреу жинап алар» деген түсініктен арылатын кез келді. Тазалықты біреуден талап етпес бұрын, өзімізден бастайық!

А. НОҒАЙХАН.

● ЗАҢ МЕН ТӘРТІП

ҚОҒАМДЫҚ ТӘРТІП ПЕН АЗАМАТТАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ – БАРШАМЫЗҒА ОРТАҚ ҚҰНДЫЛЫҚ. АЛАЙДА КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРДЕ БОЛМАШЫ СЕБЕП-ТЕН БАСТАЛҒАН ЖАНЖАЛДЫҢ АРТЫ ТӨБЕЛЕСКЕ, ҚОҒАМДЫҚ ТӘРТІПТІҢ ӨРЕСКЕЛ БҰЗЫЛУЫНА, ТІПТІ ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПТЫЛЫҚҚА ҰЛАСАТЫН ЖАҒДАЙЛАР КЕЗДЕСЕДІ.

Кейбір азаматтар мұндай әрекетті «жай ғана төбелес», «арадағы түсінбеушілік» деп қабылдауы мүмкін. Бірақ заң үшін оның салдары мүлдем басқа.

Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінің 293-бабында бұзақылық үшін қылмыстық жауаптылық көзделген.

Бұл бап бойынша жаза ауырлатын мән-жайларына қарай жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруды көздейді.

Ешкім арыз жазбайды деп ойламаңыз. Қуәгер болған жоқ деп ойламаңыз. Қазіргі таңда қоғамдық орындардағы оқиғалар бейнебақылау камераларымен, телефон бейнежазбаларымен және басқа да дәлелдермен расталады.

Заң бойынша бұзақылық – қоғамға анық құрметсіздік білдіре отырып, қоғамдық тәртіпті тым өрескел бұзумен сипатталатын әрекет. Оның ішінде азаматтарға күш қолдану немесе күш

ЖАНЖАЛ СОҢЫ ЖАУАПКЕРШІЛІК



қолданамын деп қорқыту, бөтеннің мүлкін жою немесе бүлдіру, сондай-ақ ерекше арсыздықпен жасалған әрекеттер қамтылады.

Яғни мәселе тек екі адамның арасындағы жеке жанжалмен шектелмейді. Егер адамның әрекеті қоғамдық тәртіпке қол сұғып, айналасындағыларға құрметсіздік танытумен ұштасса, оған қылмыстық-құқықтық баға беріледі.

Адам өзінің бір әрекетінің ертенгі күнге әсерін ойламауы мүмкін.

Бірақ қылмыстық іс бойынша тергеу жүргізілуі, сот алдында жауап беру, соттылықтың салдары – адамның өзіне ғана емес, оның отбасына, жұмысына және қоғамдағы беделіне әсер ететін мәселелер.

Қоғамдық тәртіпті сақтау – тек құқық

қорғау органдарының міндеті емес.

Прокуратураның мақсаты – азаматтарды жазалау ғана емес, ең алдымен қылмыстың алдын алу.

Заңға құрмет отбасынан, көршіден, көшеден, күнделікті қарым-қатынастан басталады.

Қылмыстың алдын алудың ең тиімді жолы – қылмыс жасалғаннан кейін жауап беру емес, оны жасауға бір қадам қалғанда тоқтау.

Қоғамдық тәртіпті сақтау – заң талабы ғана емес, өзара құрметтің белгісі.

Сондықтан заңды құрметтейік. Қоғамдық тәртіпті сақтайық. Бір-біріміздің қауіпсіздігімізге жауапкершілікпен қарайық.

Д. МЫРЗАБЕКОВ,
аудандық соттың судьясы.

ЖУЫРДА ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ БАҒЫТЫНДАҒЫ ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫСТАР ЖҮЙЕЛІ ТҮРДЕ ЖҮРГІЗІЛУДЕ. ОСЫ МАҚСАТТА АУДАН АУМАҒЫНДА «ҚАУІПСІЗ ҮЙ» ЖЕДЕЛ-ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ІС-ШАРАСЫ АЯСЫНДА БЫРҚАТАР ЖҰМЫСТАР АТҚАРЫЛУДА.

ҚАУІПСІЗДІККЕ БАҒЫТТАЛҒАН ЖҰМЫС

Аталған іс-шараға аудандық полиция бөлімінің учаскелік полиция инспекторы, полиция майоры О. Шарипов пен пробация қызметінің мамандары қатысты.

Профилактикалық жұмыстар барысында пробация қызметінің есебінде тұрған азаматтардың тұрғылықты мекенжайларына тексеру жүргізіліп, олардың тұрмыс жағдайы зерделенді. Сонымен қатар, есепте тұрған тұлғалардың белгіленген талаптарды орындауы, тұрғылықты жерінде болуы және қоғамдық тәртіпті сақтауына қатысты түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Кездесу барысында азаматтармен жеке профилактикалық сұхбат жүргізіліп, құқық бұзушылыққа жол бермеу, заң талаптарын қатаң сақтау және пробация қызметі белгілеген міндеттерді орындаудың маңыздылығы түсіндірілді. Сондай-ақ қайталап құқық бұзушылық жасаудың салдары жөнінде ескертіліп, қоғамдағы тәртіп пен жауапкершілікті сақтау қажеттігі айтылды.

Мұндай профилактикалық шаралар құқық бұзушылықтардың алдын алуға, есепте тұрған азаматтардың тәртібін бақылауға және олардың қоғамға бейімделуіне ықпал етеді.

«Қауіпсіз үй» жедел-профилактикалық іс-шарасы аясындағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасып, аудан тұрғындарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мен қоғамдық тәртіпті нығайтуға бағытталатын болады.

Б.ДӘУІРБАЕВ,

аудандық пробация қызметі бөлімінің бастығы, әділет капитаны.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ҚОРҒАЛДЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ САПАСЫН АРТТЫРУ ЖӘНЕ АЗАМАТТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ – МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТТЫҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫНЫҢ БІРІ.

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік қызметті дамытудың 2024–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы негізінде азаматтарға бағытталған сервистік мемлекеттік аппарат қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінуде.

Қазіргі әлемдік практикада мемлекеттік қызметтің сервистілік және клиентке бағдарлану қағидаттарына негізделген моделі айтарлықтай белсенді дамуда.

Мемлекеттік қызметтің сервистілік және клиентке бағдарлану қағидаттарына негізделген моделінің негізінде бір жағынан, ел азаматтарының, екінші жағынан, мемлекеттік қызметтің өзара міндеттемелерін бекітетін нормалар қамтылады.

Осы бағытта ағымдағы жылдың бірінші жартыжылдығында Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Маңғыстау облысы бойынша департаменті мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасына қатысты 319 қызмет алушының құқығын қорғалды.

Департаментке келіп түскен өтініштер негізінде жоспардан тыс тексерулер мен сұрау салулар жүргізіліп, сондай-ақ проактивті қашықтықтан бақылау нәтижесінде және «EgovKzBot2.0») Telegram боты арқылы жүтінген қызмет алушылардың бұзылған құқықтары қалпына келтірілді.

Құқықтары қалпына келтірілген қызмет алушылардың басым бөлігі жер қатынастары және сәулет-қала құрылысы салаларында көрсетілетін мемлекеттік қызметтерге қатысты.

Жыл басынан бері департаментке барлығы 81 шағым келіп түсті. Оның ішінде жоспардан тыс тексеру нәтижесінде 8 қызмет алушының, ал сұрау салу арқылы 49 қызмет алушының құқықтары қорғалды.

Мәселен, департаментке Ақтау қаласының тұрғыны баласын бірінші сыныпқа тіркеу мәселесі бойынша жүгінді. Азамат жалпы білім беретін мектепке «Күжаттарды қабылдау және балаларды 1-сыныпқа қабылдау» мемлекеттік қызметі бойынша өтініш берген.

Алайда білім беру ұйымы азаматтың баласын бірінші сыныпқа қабылдау туралы өтінішіне нақты себептерін көрсетпестен бас тарту туралы шешім қабылдаған.

Қызмет алушы аталған шешіммен келіспей, департаментке шағымданды. Осыған байланысты Департамент шағым негізінде жалпы білім беретін мектепке жоспардан тыс тексеру жүргізді. Тексеру нәтижесінде шағым иесінің уәждері расталып, азаматтың бұзылған құқығы қалпына келтірілді. Нәтижесінде оның баласы аталған жалпы білім беретін мектептің бірінші сыныбына қабылданды. Осылайша, Департамент қызмет алушының бұзылған құқықтарын қалпына келтіру бойынша барлық қажетті шараларды қабылдады.

Сонымен қатар, Департамент азаматтардың шағымын күтпестен, проактивті түрде жүргізілген қашықтықтан бақылау нәтижесінде 95 қызмет алушының, ал «EgovKzBot2.0») Telegram боты арқылы жүтінген бір қызмет алушының құқығын қорғалды.

Анықталған бұзушылықтарға жол берген мемлекеттік органдардың қызметкерлеріне қатысты тиісті шаралар қабылданып, нәтижесінде 45 мемлекеттік қызметші тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

Егер сіз Мемлекеттік қызмет алу барысында заңнама талаптарының бұзылуы, қызмет көрсетуден негізсіз бас тарту немесе белгіленген мерзімдердің сақталмауы фактілеріне тап болған жағдайда Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Маңғыстау облысы бойынша департаментіне немесе «EgovKzBot2.0») Telegram боты арқылы жүгіне алатындарыңызды хабарлаймыз.

Біздің мекен-жайымыз: Ақтау қаласы, 14 ш.а., 71 ғимарат, 2-қабат. Байланыс нөмерлері: 8 (7292) 30-26-40, 8 (7292) 30-26-15.

Тоқтамыс ЖҰМАҒҰЛОВ,

Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Маңғыстау облысы бойынша департаментінің басшысы, әдеп жөніндегі кеңес төрағасы.

ӘДІЛ СОТ – ЗАҢ ҮСТЕМДІГІНІҢ КЕПІЛІ

ЗАҢ ҮСТЕМДІГІ МЕН ӘДІЛДІК ҚАҒИДАТТАРЫН ОРНЫҚТЫРУ – МЕМЛЕКЕТТІҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫНЫҢ БАСТЫ ШАРТТАРЫНЫҢ БІРІ. ОСЫ ОРАЙДА СЫБАЙ-ЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ, ОНЫҢ КЕЗ КЕЛГЕН КӨРІНІСІНЕ ЖОЛ БЕРМЕУ ЖӘНЕ ҚОҒАМДА АДАЛДЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ БАҒЫТЫНДАҒЫ ЖҰМЫСТАРДЫҢ МАҢЫЗЫ АЙРЫҚША.

Қазақстанда сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың негізгі бағыттарының бірі – құқық бұзушылықтың салдарымен күресумен қатар, оның алдын алу. Заңнамада сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізу, тәуекелдерді талдау, қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыру, мүдделер қатығысын болдырмау және ашықтықты қамтамасыз ету сияқты кешенді шаралар көзделген.

Сот жүйесінің басты міндеті – азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, заң үстемдігін қамтамасыз ету және әділ сот төрелігін жүзеге асыру. Осы міндетті орындауда судьяның кәсіби біліктілігімен қатар, оның адалдығы, бейтараптығы мен жауапкершілігі аса маңызды.

Сотқа жүтінген әрбір азамат ең алдымен әділ шешім күтеді. Сондықтан сот жүйесіндегі кез келген қызметкер өз жұмысына жоғары жауапкершілікпен қарап, заң талаптарын қатаң сақтауы тиіс.

Сот төрелігіне қандай да бір сыртқы ықпалдың, заңсыз араласудың немесе жеке мүдденің әсер етуіне жол берілмеуі керек. Әділдік пен заңдылық – сот қызметінің негізгі тірегі. Адал еңбек ету, азаматтармен сыпайы әрі мәдениетті қарым-қатынас орнату, қызметтік өкілеттілікті жеке



мақсатта пайдаланбау, сыйлықтар мен заңсыз артықшылықтардан бас тарту – сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің маңызды элементтері. Мұндай ұстаным тек жазадан қорқу арқылы емес, адамның ішкі жауапкершілігі мен кәсіби ұстанымынан қалыптасуы тиіс. Сыбайлас жемқорлықпен күресте құқық бұзушылық орын алғаннан кейін әрекет етуден гөрі, оның алдын алған әлдеқайда тиімді. Сондықтан мемлекеттік органдар мен ұйымдарда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау, оларды азайтуға бағытталған шараларды қабылдау және қызмет көрсету үдерістерінің ашықтығын қамтамасыз ету маңызды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдаудың негізгі мақсаты да – құқық бұзушылық жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтап, оларды жою. Бұл бағытта әрбір мемлекеттік орган өз қызметінің ерекшеліктеріне қарай ішкі бақылау мен алдын алу шараларын жүйелі түрде жүргізуі қажет.

Қоғамның мемлекеттік институттарға деген сенімі ең алдымен ашықтық пен әділдікке байланысты. Азамат өзінің құқығы мен міндетін нақты біліп, мемлекеттік органдар көрсетілетін қызметтің тәртібі туралы толық ақпарат ала алуы керек.

Сот жүйесінде де ашықтық қағидаты маңызды. Сот қызметінің заң талаптарына сәйкес жүргізілуі, азаматтардың өтініштері мен арыздарының белгіленген тәртіппен қаралуы, құқықтық түсіндіру жұмыстарының жүргізілуі – халықтың сотқа деген сенімін нығайтуға ықпал етеді.

Сот қызметкерлері үшін азаматтардың әрбір өтініші – жауапкершілік. Сондықтан

заңмен белгіленген тәртіпті сақтау, азаматтардың құқықтарын құрметтеу және қызметтік міндеттерді адал орындау басты назарда болуы тиіс. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алудың тағы бір маңызды тетігі – халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру.

Өз құқығын білетін азамат заңсыз талапқа немесе заңсыз әрекетке жол бермеуге қабілетті. Сондықтан қоғам мүшелеріне заң талаптарын түсіндіру, азаматтардың құқықтық мәдениетін қалыптастыру, мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы ақпараттандыру – маңызды міндеттердің бірі.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес бір күндік немесе бір науқандық жұмыс емес. Ол тұрақты түрде жүргізілетін жүйелі жұмысты қажет етеді. Бұл бағытта мемлекеттік органдардың, сот жүйесінің, құқық қорғау құрылымдарының, азаматтық қоғамның және әрбір азаматтың өзара жауапкершілігі маңызды.

Әділетті қоғам құру үшін заң бәріне ортақ болуы керек. Ал заң үстемдігі орныққан жерде әділдік пен тұрақтылықтың негізі қаланады. Сондықтан әр адам өз қызметінде заңдылықты, адалдықты, ашықтықты және кәсіби әдепті басты қағидат ретінде ұстану маңызды.

Сот жүйесіне жүтінген әрбір азаматтың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, сот төрелігінің сапасын арттыру және халықтың сотқа деген сенімін нығайту – ортақ міндет.

Дәмегүл ЕЛЕУОВА,
Маңғыстау аудандық сотының бас маман – сот мәжілісінің хатшысы.



ХАБАРЛАНДЫРУ

«Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығы ғылым, шығармашылық және қоғамдық қызмет салаларында жемісті еңбегімен көзге түскен, сондай-ақ спортта жоғары нәтижелер көрсеткен дарынды жастарды мемлекеттік қолдау мақсатында тағайындалады.

Байқау «Әдебиет», «Ғылым», «Дизайн және бейнелеу өнері», «Журналистика», «Классикалық музыка», «Қоғамдық қызмет», «Спорт», «Театр және кино», «Эстрада», «Халық шығармашылығы» атты 10 номинация бойынша өтеді.

Мемлекеттік сыйлыққа халықаралық және республикалық деңгейдегі байқаулар мен фестивальдердің лауреаттары, спорттық жарыстардың жүлдегерлері мен жеңімпаздары, сондай-ақ аталған салалар мен тұтастай қоғамды дамытуға ықпал еткен Қазақстан Республикасының 35 жасқа дейінгі азаматтары үміткер бола алады.

«Дарын» жастар сыйлығын алуға кандидатураларды орталық, жергілікті және өзге де мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктер және Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген басқа да заңды тұлғалар іріктейді. Үміткерлер мынадай құжаттарды қағаз және электронды түрде жіберуі қажет:

- 1) кандидаттың жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 2) осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығын алуға арналған тіркеу өтінімі;
- 3) өтінішхат пен сыйлық алуға ізденушінің жетістіктері туралы анықтама;

4) марапаттау дипломдарының, грамоталардың, алғыс хаттардың көшірмелері (болған жағдайда);

5) кандидаттың немесе кандидат туралы мақалалардың, жарияланымдардың көшірмелері (болған жағдайда);

6) банктік шоттың болуы туралы анықтаманың көшірмесі;

7) кандидаттың жетістіктерін растайтын материалдар (болған жағдайда).

Жеңімпаздарға «Дарын мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты» атағы беріледі. Мемлекеттік сыйлық иегерлері дипломмен, төсбелгімен, сондай-ақ қаржылай сыйлықпен марапатталады.

«Дарын» жастар сыйлығы 1992 жылы тағайындалған. Әр жылдары аталған сыйлықты түрлі саладағы 380-дан астам азамат иеленген болатын.

Конкурсқа қатысуға құжат 2026 жылғы 17 маусымнан 17 қыркүйек аралығында (қоса алғанда) қабылданады. Құжаттың қағаз нұсқасын мына мекенжай бойынша тапсыру қажет: Астана қаласы, Мәңгілік ел даңғылы 8, «Министрліктер үйі» ғимаратының 14-кіреберісі. Электронды нұсқа daryn2026kz@gmail.com поштасы арқылы қабылданады.

Анықтама телефондары: 8 (7172) 74-05-25, 8 (7172) 74-18-43, (жұмыс күндері, сағ. 9:00-ден 18:30-ға дейін).

«Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының қағидасы: <https://www.gov.kz/memleket/entities/mam/documents/details/861853?lang=kk>

ҚР МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ
МИНИСТРЛІГІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

ҚҰРМЕТТІ ОТАНДАСТАР, АРДАҚТЫ АҒАЙЫН!

«Atamnyn Amanaty» Қоғамдық Бірлестігі – еліміздегі екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында хабар-ошарсыз кеткендерді іздеумен және архивтік, далалық зерттеулермен айналысатын бірден-бір ұйым. Біз соғыс жылдарында жоғалып кеткендерді іздеу, жауынгерлік жолды анықтау бойынша өтініштерді қарқынды түрде қабылдаймыз.

Сонғы уақыт ішінде бізге 12 мыңнан астам өтініш келіп түсті, оның ішінде 4500-ден астамы орындалды. Ай сайын орта есеппен 50-ге жуық өтінішті қарастырамыз.

Егер сіз де соғыс жылдарында жоғалып кеткен туыстарыңызды іздесеңіз, төменде көрсетілген байланыс нөмірлері немесе арнайы құрылған сайт сілтемесі арқылы өтініш бере аласыз. Сонымен қатар, әлеуметтік желілерде парақшаларымыз бар – онда біз ұйымымыздың қызметі мен барлық іс-шараларымызды жариялап отырамыз. Жаңалықтардан хабардар болу үшін жазылуларыңызға болады. Барлық парақша сілтемелері төменде көрсетілген.

Біздің ұйым ақысыз жұмыс істейді. Сіздердің батыр аталарымыз бен ағаларымыздың ерлігі ескерусіз қалмауы үшін, бейбіт өмір сыйлаған боздақтарды табу жолында қолдан келгеннің бәрін жасаймыз!

Өтініш қабылдаушылар:

Марфуза Сулейменова, +7-776-828-45-34 ватсап;

Сағымбаева Алия Нурпаевна 8-701-999-78-20, ватсап;

Рабочий тел: 8-776–828-45-34.

Өтінішті осы жерде беріңіз.

• өтінішті ata-amanaty.kz сайтында қалдыра аласыз: <https://clck.ru/UiiUwd>

• Фейсбукте <https://www.facebook.com/groups/atamnyn.amanaty/> сілтемесі арқылы қосылыңыз:

- Біздің <https://www.instagram.com/ata.amanaty/?hl=ru> инстаграм парақшамызға жазылыңыз.

● МАМАН КЕҢЕСІ

ЭНТЕРОБИОЗ – ҚОЗДЫРҒЫШТЫҢ НӘЖІС – АУЫЗ АРҚЫЛЫ БЕРІЛУ МЕХАНИЗМІ БАР
ГЕЛЬМИНТОЗ, СОЗЫЛМАЛЫ ПЕРИАНАЛЬДІ ҚЫШУ, ІШЕКТІҢ ЗАҚЫМДАНУЫ ЖӘНЕ АЛ-
ЛЕРГИЯМЕН СИПАТТАЛАДЫ.

ГИГИЕНА – басты қорғаныс

Құрттар аш ішектің төменгі жартысында, соқыр ішекте және тоқ ішектің бастапқы бөлігінде паразиттер тіршілік етеді. Ұрғашы құрттар тік ішекке түсіп, артқы қуыстан белсенді түрде шығып, оның айналасына жұмыртқа салып, өледі.

Инфекцияның негізгі жұғу жолы – тамақ (берілу факторлары – гельминт жұмыртқасымен ластанған тамақ өнімдері) және тұрмыстық – жұмыртқамен ластанған қолдар арқылы.

Гельминтоз барлық жерде кездеседі. Әдетте бұл инфекциядан 2 жастан 10 жасқа дейінгі балалар зардап шегеді. Аурудың жоғары шегі 5 жасқа келеді.

Негізгі клиникалық белгілері: кешке және түнде перианальді қышу, терінің жергілікті тітіркенуі, жарақаттар терінің қайталама бактериялық инфекциясының дамуына әкеледі, бұл аурудың ағымын, ұйқының бұзылуын, тітіркенуді, іштің ауырсынуын, тәбеттің жоғалуын, жүрек айнуын, шаршауды, кейде психостения мен жүйке жұқаруының айқын белгілерін білдіреді.

Гельминтоздың алдын алу іс-шаралар кешенінің негізгілері:

- жеке гигиена ережелерін қатаң сақтау;
- тырнақтарды қысқа қылып алу;
- тамақтанар алдында және дөретханаға барғаннан кейін қолды сабынмен жуу;



- үй-жайда күн сайын ылғалды тазалау жұмыстарын жүргізу;

- көкөністерді, жемістерді және әсіресе көк шөптерді мұқият жуу.

Барлық сақтық шараларды қолдана отырып, сіз денсаулығыңызды сақтайсыз.

Г.СҰЛТАНҒАЛИЕВА,

аудандық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы.

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

«Кен-Сары» ЖШС жобалар бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды: 1. 2027 жылға арналған жол берілетін шығарындылар нормативтерінің (ЖШН) жобасы; 2. 2027 жылға арналған шекті жол берілетін төгінділер (ШТН) нормативтерінің жобасы; 3. «Арыстан кен орнының қабат қысымын ұстап тұру жүйесін кеңейту. II кезең» ҚОҚБ; 4. «Арыстан кен орнының қабат қысымын ұстап тұру жүйесін кеңейту. III кезең» ҚОҚБ; 5. «Арыстан кен орнының мұнай дайындау қондырғысы» объектісіндегі мұнай жылыту пештеріндегі автоматты өрт сөндіру жүйесі» ҚОҚБ; 6. 2027 ж. арналған Қалдықтарды басқару бағдарламасы (ҚББ); 7. 2027 ж. арналған Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы (ӨЭБ); 8. Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары 2027 ж.

Учаскенің географиялық координаттары және әсер ету аумағының географиялық координаттары: СЕ 44° 45' 10", 44° 45' 28", 44° 45' 23", ШБ 54° 05' 43", 54° 06' 25", 54° 08' 40". Тыңдаулар 2026 жылғы 30 Қыркүйек сағат 16:00-де өтеді.

Өткізу орны: Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, с. Сайотес, Мәдениет үйі

Платформа ZOOM:

<https://us06web.zoom.us/join?muid=f72de815-065e-45ed-a64a-1e517afac9f8>

Идентификатор конференция: 836 4388 6481

Код достула: 580265

Түтынушы: «Кен-Сары» ЖШС, Ақтау қаласы, 17 шағын аудан, ғимарат 39, тел:8(7292)202021. БСН 01074000600

Жобаны әзірлеуші: «Construction NS» ЖШС, Ақтау қ. 17 шағын аудан, 20 үй тел: 87014848005. БСН 010740010777

Құжаттама <https://ndbecology.gov.kz> порталында және <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/documents/> интернет-ресурста.

Материалдарды сұратуға болатын электрондық пошта мекен-жайы және телефон нөмірі: Adele.mukhtarova28@gmail.com, 87767120270.

Ескертулер мен ұсыныстар <https://ndbecology.gov.kz>, және электр. ЖАО мекенжайы s.bazarbay@mangystau.gov.kz сайтында қабылданады.

ОБЩЕСТВЕННЫЕ СЛУШАНИЯ

ТОО «Кен-Сары» сообщает о проведении общественных слушаний по проектам: 1. Проект нормативов допустимых выбросов (НДВ) на 2027 год; 2. Проект нормативов предельно допустимых сбросов (НДС) на 2027 год; 3. РООС «Расширение системы поддержания пластового давления месторождения Арыстановское. II этап», 4. РООС «Расширение системы поддержания пластового давления месторождения Арыстановское. III этап», 5. РООС «Система автоматического пожаротушения на печаш подогрева нефти на объекте «Установка подготовки нефти месторождения Арыстановское», 6. Программа управления отходами (ПУО) на 2027г., 7. Программа производственного экологического контроля (ПЭК) на 2027 г., 8. План мероприятий по охране окружающей среды 2027г.

Географические координаты участка и географические координаты территории воздействия: СШ 44° 45' 10", 44° 45' 28", 44° 45' 23", ВД 54° 05' 43", 54° 06' 25", 54° 08' 40".

Слушания состоятся: 30 сентября 2026 года в 16:00 часов

Место проведения: Мангистауская область, Мангистауский р-н, с. Сайотес, дом культуры

Платформа ZOOM:

<https://us06web.zoom.us/join?muid=f72de815-065e-45ed-a64a-1e517afac9f8>

Идентификатор конференции: 836 4388 6481

Код доступа: 580265

Заказчик: ТОО «Кен-Сары», г. Ақтау, 17 мкр., зд. 39, тел:8(7292)202021. БИН 01074000600

Разработчик: ТОО «Construction NS», г. Ақтау, 17 микрорайон, 20 дом, тел: 87014848005. БИН 010740010777

Документация размещена на портале <https://ndbecology.gov.kz>, и интернет-ресурсе <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/documents/>

Адрес электронной почты по которой можно запросить материалы:

Adele.mukhtarova28@gmail.com, 87767120270.

Замечания и предложения принимаются на <https://ndbecology.gov.kz>, и электр. адрес МИО s.bazarbay@mangystau.gov.kz

№360

МҰРАГЕРІН ІЗДЕЙДІ

Нотариус Ауданбаева Г. 2026 жылы 3 мамырда қайтыс болған **ЕРБОЛАТОВ САБЫРБАЙ АҚЗАМОВИЧТІҢ** мұрагерлеріне іздеу салады. Барлық мұрагерлеріне осы хабарлама шыққан күннен бастап бір ай мерзім ішінде Маңғыстау ауданы, Шетпе селосы, Орталық ш/а №1 үй, 4 пәтер мекен-жайы бойынша орналасқан нотариус кеңсесіне хабарласуларыңызды сұрайды.

Тел: 8 702 303 90 80

№366

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

«Маңғыстау-Медиа» ЖШС
басылымдарына жарнама,
хабарландыру беру немесе ақпарат
алу үшін мына байланыс телефон-
дарына қоңырау шалсаңыз болады:

8778 145 9093,
8 (7292) 204842, 8(7292)204834.
laa.media@yandex.ru

МЕНШІК ИЕСІ:



Директордың м.а. –
Сұлтанбек ҚҰДАЙБЕРГЕН

Қабылдау бөлімі,
тел./факс: 20-48-34,
mangystau.media@mail.ru



ЖАҢА ӨМІР

аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 6.02.2013 ж. есепке қойылып, №13356-Г куәлігі берілген.

Редактор – А.РАХМЕТОВА

Тілші – М.ЖЕБЕҚЫЗЫ,

Газет «Маңғыстау-Медиа» ЖШС
Ақпарат және дизайн орталығында беттелді.

Үйлестіруші –

Гүлнара ТАСБОЛАТОВА

Беттеуші дизайнер – Асем РАБАЕВА

«ӨНЕРІМ» ЖШС

баспаханасында басылды.

Ақтау қаласы, 22-шағын аудан, 38/3.
Телефон: +7 777 012 22 38.

- Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы болып есептелмейді.
- Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
- Жарнама, хабарландырулар мазмұнына редакция жауап бермейді.
- Редакцияға жолданған материалдарға рецензия жасалмайды және қолжазба авторға қайтарылмайды.
- Тақырыптық суреттер ғаламтордан алынады.

Тапсырыс нөмірі: 193
Таралымы: 343
Индекс: 65612
Газеттің бағасы келісімді

АҒА РАЙЫ БОЛЖАМЫ

27 тамыз
түнде: +22 | күндіз: +34

28 тамыз
түнде: +25 | күндіз: +37

29 тамыз
түнде: +25 | күндіз: +36

30 тамыз
түнде: +25 | күндіз: +31

31 тамыз
түнде: +21 | күндіз: +28